 <b>СӘТБАЕВ</b> УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ</b> <b>БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ</b> <b>ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС</b> <b>АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</b>	
3-денгейлі СМЖ құжаты	2022 жылғы « <u>14</u> » <u>01</u> №3 редакция	Е 029-02-04.4.03–2022

**«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ білім алушыларын стипендиямен қамтамасыз ету және материалдық қолдаудың басқа да нысандары туралы**

### ЕРЕЖЕ

**Е 029-02-04.4.03 – 2022**


Алматы 2022

**АЛҒЫСӨЗ**

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»  
КЕАҚ Қаржы және есеп департаментінде (ҚжЕД) **ӘЗІРЛЕНДІ**

ҚжЕД директоры –  
бас бухгалтер

« 10 » 01 2022 ж.

 Г.Токжігітова

**2 КЕЛІСІЛДІ**

Басқарма мүшесі-корпоративтік даму және стратегиялық жоспарлау жөніндегі проректор

« 11 » 01 2022 ж.



 Е.Көлдеев

Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор

« 13 » 01 2022 ж.

 Б.Жәутіков

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы

« 12 » 01 2022 ж.

 А.Сауранбаева

Заңгерлік қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімі бастығының міндетін атқарушы

« 12 » 01 2022 ж.

 Т.Абукенов

Құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік тілді дамыту бөлімі бастығының міндетін атқарушы

« 11 » 01 2022 ж.

 Ж.Орақбаева

3 Басқарманың 2021 жылғы « 14 » 01 № 1 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

4 2017 жылғы 01 шілдедегі №2 редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

**МАЗМҰНЫ**

1	Жалпы ережелер	4
2	Терминдер мен анықтамалар	4
3	Мемлекеттік стипендияларды тағайындау және төлеу тәртібі	5
4	Мемлекеттік стипендияның жоғары мөлшері	7
5	ҚР Президентінің стипендияларын тағайындау және төлеу тәртібі	8
6	Атаулы стипендияларды тағайындау және төлеу тәртібі	9
7	Білім алушыларды материалдық қолдау	9
	Қосымшалар	11
	Өзгерістерді тіркеу парағы	12

## 1 Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ-да (бұдан әрі – ҚазҰТЗУ немесе Университет) білім алушыларға стипендия тағайындау және төлеу тәртібі мен материалдық қолдаудың басқа да нысандарын айқындайды.

1.2 Осы Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде әзірленді:

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы;

– «Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы №1134 қаулысы;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі №136 «Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған стипендияларды тағайындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» қаулысы;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №677 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде (таксиден басқа) өтемақы төлеу арқылы жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы»;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысы «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы»;

– ҚР БЖҒМ 2021 жылғы 16 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Жарғысы.

## 2 Терминдер мен анықтамалар

**Стипендия** – ЖОО-да күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушыларға емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тағайындалатын білім алушыға тамақтануға, тұруға және оқу әдебиетін сатып алуға арналған шығындарды ішінара жабу үшін берілетін ақша сомасы.

**АЕК** – тиісті күнтізбелік жылға арналған ҚР «Республикалық бюджет

туралы» заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіш.

**Білім алушылар** – студенттер, магистранттар және докторанттар.

**Мемлекеттік стипендиялар** – мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша күндізгі оқу нысанында оқитындарға тағайындалатын және төленетін стипендиялар.

**Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиялары** – мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде де, ақылы негізде де тек «өте жақсы» оқитын күндізгі оқу бөлімінің 3-курстан бастап және магистранттарға екінші оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын стипендиялар.

**Атаулы (өндірістік) стипендиялар** – тиісті білім беру бағдарламаларын ойдағыдай меңгерген, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын, Университеттің қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсенді қатысатын неғұрлым қабілетті білім алушыларды көтермелеу үшін жеке немесе заңды тұлғалар тағайындайтын стипендиялар.

**Жол жүруге өтемақы** – мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушыларға қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде (таксиден басқа) жол жүру құнының бір бөлігін өтеу үшін ақшалай төлем.

### **3 Мемлекеттік стипендияларды тағайындау және төлеу тәртібі**

3.1 Мемлекеттік стипендия мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстырылған, аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша «өте жақсы», «жақсы» бағаларына сәйкес келетін бағалардың баламасын алған студенттерге, магистранттарға тағайындалады.

3.2 Мемлекеттік стипендия ай сайын аралық аттестаттаудан (емтихан сессиясынан) және демалыстан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап академиялық кезең, аралық аттестаттау және демалыс аяқталатын айдың соңына дейін қоса төленеді. Бітіруші курстардың білім алушыларына мемлекеттік стипендия білім беру ұйымын бітіруіне байланысты оқудан шығарылған күнге дейін төленеді.

3.3 Мемлекеттік стипендия бірінші академиялық кезеңге мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бірінші курсқа (оқудың бірінші жылына) қабылданған барлық студенттерге, магистранттарға тағайындалады және 1 қыркүйектен бастап, ай сайын бірінші академиялық кезең аяқталғанға дейін және академиялық кезең мен демалыс аяқталатын айдың соңына дейін қоса төленеді.

Келесі академиялық кезеңдерде мемлекеттік стипендия студенттерге, магистранттарға тағайындалады және алдыңғы академиялық кезең үшін аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша төленеді.

3.4 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын көзі көрмейтін және құлағы естімейтін мүгедектерге, жетім балаларға және ата-анасының

қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) балаларға мемлекеттік стипендия жоғарылауды ескере отырып, емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық берешегі болмаған кезде төленеді.

3.5 Мемлекеттік стипендияға ұсынылған студенттерге, магистранттарға жазғы каникул кезеңінде мемлекеттік стипендия екі айға (шілде, тамыз) жиынтық түрде төленеді.

Аралық аттестаттауды (емтихан сессиясын) академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде дәлелді себептермен (ауруы, отбасылық жағдайлары, дүлей апаттар, академиялық немесе кредиттік ұтқырлық бойынша оқыту) тапсырмаған студенттерге, магистранттарға білім алушы растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін білім беру ұйымының басшылығы аралық аттестаттауды (емтихан сессиясын) тапсырудың жеке мерзімдерін белгілейді.

Білім алушылардың осы санатына тапсырылған аралық аттестаттаудың (емтихан сессиясының) нәтижелері бойынша осы Ережеде белгіленген тәртіпте мемлекеттік стипендия тағайындалады.

3.6 Кәсіптік практика, жазғы каникул кезеңінде, сондай-ақ жұмыс орындарында және лауазымдарда жұмыс істеген кезеңде студенттерге, магистранттарға жалақы төлене отырып, мемлекеттік стипендия осы Ережеде белгіленген тәртіпте төленеді.

3.7 Бір оқу орнынан екіншісіне ауыстырылған студенттерге, магистранттарға мемлекеттік стипендия оқу жоспарларындағы айырма жойылғаннан кейін алдыңғы семестрдің қорытындылары бойынша осы Ережеде белгіленген тәртіппен тағайындалады және төленеді.

3.8 Докторанттарға мемлекеттік стипендия оқудың барлық мерзіміне тағайындалады және аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелеріне қарамастан оқудың барлық кезеңі ішінде төленеді.

3.9 Медициналық қорытынды (дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы) негізінде берілген академиялық демалыстарды қоспағанда, студенттер, магистранттар, докторанттар академиялық демалыста болған кезеңінде мемлекеттік стипендия төленбейді.

Академиялық демалыстан оралған студенттерге, магистранттарға мемлекеттік стипендияны тағайындау және төлеу оқу жоспарларындағы академиялық айырмашылық жойылғаннан кейін осы Ережеде белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Науқастануы бойынша қайта оқу жылына қалдырылған студенттерге, магистранттарға олар қайтып келген сәттен бастап, мемлекеттік стипендия оқу жоспары орындалған алдыңғы семестрдің қорытындылары бойынша осы Ережеде белгіленген тәртіпте тағайындалады және төленеді.

Туберкулезбен ауыратын, тиісті медициналық қорытынды болған кезде студенттерге, магистранттарға, докторанттарға мемлекеттік стипендия еңбекке жарамсыздық кезеңіне алдыңғы семестрдің қорытындыларына қарамастан еңбекке жарамсыздық басталған күннен бастап он айдан аспайтын мерзімге тағайындалады және төленеді.

3.10 Студенттерге, магистранттарға, докторанттарға жүктілігі мен босануы бойынша демалыс кезеңінде мемлекеттік стипендия Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген бүкіл мерзім ішінде жүктілігі мен босануы бойынша демалысқа кеткенге дейін белгіленген мөлшерде төленеді.

Академиялық демалыс кезеңінде жүктілік пен босануға байланысты еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама ұсынылған кезде академиялық демалыс үзіледі және жүктілік пен босануға байланысты демалыс ресімделеді.

Студенттер, магистранттар, докторанттар бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыста болған кезеңінде мемлекеттік стипендия тағайындалмайды.

3.11 Мемлекеттік стипендияларды тағайындау білім алушылардың үлгерімін бақылау жүктелген бөлімше басшысының қызметтік жазбасы (ұсынысы) негізінде білім беру ұйымы басшысының немесе оны алмастыратын адамның бұйрығымен жүргізіледі.

3.12 Білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды төлеу ақша алушының таңдауы бойынша екінші деңгейдегі банкте ашылған ағымдағы шотқа олардың сомасын аудару арқылы ай сайын ағымдағы айдың соңында жүзеге асырылады.

3.13 Мемлекеттік стипендияларды төлеу тоқтатылады:

- 1) білім алушы оқудан шығу (шығару) себептеріне қарамастан білім беру ұйымынан шыққан (шығарылған) жағдайда;
- 2) білім алушы қайтыс болған жағдайда;
- 3) оқуды аяқтағаннан кейін бітіру туралы бұйрық шыққан күннен бастап.

3.14 Осы Ереженің 3.13-тармағында айқындалған жағдайлар бойынша мемлекеттік стипендияларды төлеуді тоқтату білім беру ұйымы басшысының немесе оны алмастыратын адамның тиісті бұйрығын шығару арқылы жүзеге асырылады.

#### **4 Мемлекеттік стипендияның жоғары мөлшері**

4.1 Көзі көрмейтін мүгедектер мен құлағы естімейтін мүгедектер, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) балалар, сондай-ақ аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша тек «өте жақсы» деген бағалары бар студенттер мен магистранттар жоғарылатылған мемлекеттік стипендия алуға құқылы.

4.2 Мемлекеттік стипендияның жоғары мөлшері осы Ереженің қосымшасына сәйкес белгіленеді.

4.3 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттің толық қамсыздандыруында тұрған студенттер мен магистранттарға мемлекеттік стипендия тиісінше білім алушылардың мемлекеттік

стипендиясы мөлшерінің 50 (елу) пайызы мөлшерінде белгіленеді.

4.4 Медициналық қорытынды негізінде академиялық демалыста жүрген студенттерге, магистранттарға, докторанттарға академиялық демалыс уақытына мемлекеттік стипендия докторанттардың, магистранттар мен бакалаврлардың мемлекеттік стипендиясы мөлшеріне сәйкес 50 (елу) пайыз, мүгедектерге 75 (жетпіс бес) пайыз мөлшерінде белгіленеді.

## **5 ҚР Президентінің стипендияларын тағайындау және төлеу тәртібі**

5.1 Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясы:

1) білім алушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыруға;

2) ең дарынды және зерек білім алушыларды қолдауға;

3) зияткерлік әлеуетті қалыптастыруға жәрдемдесуге бағытталған.

5.2 Жоғары оқу орындары арасында стипендиялар санын бөлу Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының күндізгі оқу нысанында білім алушылар контингентіне барабар жүзеге асырылады.

5.3 Күндізгі оқу нысанында білім алатын 700 адамнан аз контингентке жоғары оқу орындарында стипендиялар бөлу жүзеге асырылмайды.

5.4 Стипендия мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде де, ақылы негізде де тек «өте жақсы» (А, А -) оқитын күндізгі оқу бөлімінің 3-курс студенттеріне және екінші оқу жылынан бастап магистранттарға тағайындалады.

5.5 Стипендия білім алушылардың келесі санаттарына тағайындалады:

1) республикалық және халықаралық олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың, спорттық жарыстардың, фестивальдердің жеңімпаздарына немесе жаңалықтардың, өнертабыстардың авторлары болып табылатын жеңімпаздарға;

2) ғылыми еңбектер жинақтарында, республикалық және халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары барларға;

3) жетістіктері дипломдармен, грамоталармен, сертификаттармен, куәліктермен расталған ғылыми-зерттеу жұмысымен белсенді түрде айналысатындарға;

4) білім беру ұйымдарының қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсенді түрде қатысатындарға.

5.6 Стипендияны тағайындау Ғылыми кеңестің шешімі негізінде жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

5.7 Стипендия бір академиялық кезеңге тағайындалады.

5.8 Қазақстан Республикасы Президенті стипендиясының мөлшері жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттары стипендияларының ең төмен мөлшерінен 100 пайызға жоғары болады.

5.9 Стипендия жоғары оқу орындары Ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес бір адамға бірнеше рет берілуі мүмкін.



5.10 Жоғары оқу орны Ғылыми кеңесінің кезекті академиялық кезеңге стипендиялар беру жөніндегі шешімі академиялық кезең басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей қабылданады және білім алушылардың тізімімен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жіберіледі.

5.11 Стипендияларды тағайындау кезінде үміткерлерді іріктеу осы Ереженің 4.4 және 4.5-тармақтарында жазылған критерийлерді сақтау тәртібімен жүзеге асырылады. Тең жағдайда артықшылық бар:

- жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар.

5.12 Жоғары оқу орнында осы Ереженің 4.4 және 4.5-тармақтарының критерийлерін қанағаттандыратын стипендия тағайындауға үміткерлер болмаған кезде жоғары оқу орындары академиялық кезең басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей білім беру саласындағы уәкілетті органға стипендиялардың белгілі бір санынан бас тарту туралы ақпарат ұсынады.

5.13 Стипендияларды төлеу тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде ақша алушының таңдауы бойынша екінші деңгейдегі банкте ашылған ағымдағы шотқа олардың сомасын аудару жолымен ағымдағы айдың соңында ай сайын жүргізіледі.

## **6 Атаулы стипендияларды тағайындау және төлеу тәртібі**

6.1 Атаулы (өндірістік) стипендия дарынды және перспективалы білім алушылардың оқу, ғылыми және практикалық қызметін ынталандыруға бағытталған. Кәсіпорын конкурс жариялайды және жеңімпаздарға атаулы стипендия тағайындайды. Стипендия мөлшерін кәсіпорын белгілейді. Стипендия бір реттік болуы немесе семестрге тағайындалуы мүмкін. Атаулы стипендияны тағайындау және төлеу кәсіпорыннан бөлінген сома университеттің есеп шотына түскеннен кейін жоғары оқу орны ректорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

## **7 Білім алушыларды материалдық қолдау**

7.1 Білім алушыларды материалдық қолдау түрлері:

- жол жүру өтемақысы;
- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға киім сатып алуға жыл сайынғы өтемақы;
- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқуға түсу және оларды бітіргеннен кейін берілетін біржолғы жәрдемақы;
- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан ай сайынғы жәрдемақы төленеді.

7.2 Жол жүруге арналған өтемақы республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен төленеді.

7.3 Жол жүру өтемақысы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың келесі санаттарына төленеді:

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының студенттеріне, магистранттарға жылына екі рет, қысқы және жазғы каникул кезеңінде 4 еселенген АЕК мөлшерінде;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне - жылына бір рет 4 еселенген АЕК мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

7.4 Білім алушыларға жол жүруге өтемақы жыл сайын, ақпан және маусым айларында білім алушылардың екінші деңгейдегі банктерде ашылған карт-шоттарына қаражат аудару арқылы жүргізіледі.

7.5 Жол жүру үшін өтемақы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының академиялық күнтізбесіне, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының оқу процесінің кестесіне сәйкес қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігімен (таксиден басқа) жол жүргенін растайтын құжаттар (жол жүру билеті және отырғызу талоны, автобуспен жол жүру бойынша тек жол жүру билеті) болған кезде төленеді.

7.6 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тамақтануына, оқу орнына түсу және оны бітіру кезіндегі біржолғы төлемдерге, киім-кешекке арналған шығындар 204 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының 100 «Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және оларға әлеуметтік қолдау көрсету» ішкі бағдарламасы аясында көзделген. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы білім алушыларға шарттық (ақылы) негізде тамақтануға арналған шығындар, оқу орнына түсу және оны бітіру кезіндегі біржолғы төлемдер, киім-кешек Университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен төленеді.

7.7 Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған тамақтандыру және киім-кешек нормаларын жыл сайын жоғары тұрған орган ұсынады.

7.8 Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар оқу орнына түскен кезде біржолғы жәрдемақы мөлшері 2 АЕК-ті, аяқтаған кезде 4 АЕК-ті құрайды.

## Қосымша

**Мемлекеттік стипендиялардың жоғары мөлшері**

№ р/н	Стипендиаттар тізімі	Жоғары өлшемдері пайызбен
1	Жоғары, техникалық және кәсіптік (училищелерде, колледждерде), орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын көру қабілеті бойынша мүгедектерге және есту кемістігі бар мүгедектерге;	75
2	«Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген тұлғаларға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес теңестірілген жоғары, техникалық және кәсіптік (училищелер, колледждер), орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша;	50
3	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және азаматтардың қорғаншылығындағы (қамқоршылығындағы) балалар қатарынан жоғары, техникалық және кәсіптік (училищелер, колледждер), орта білімнен кейінгі білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге;	30
4	Жоғары, техникалық және кәсіптік (училищелер, колледждер), орта білімнен кейінгі білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын, емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тек «өте жақсы» деген бағалары бар студенттерге, магистранттарға (мемлекеттік атаулы стипендиялар мен Қазақстан Республикасы Президентінің стипендияларын алатын білім алушылардан басқа).	15

Ескертпе: Қосымшада көзделген жоғары мемлекеттік стипендияның белгіленген мөлшеріне жүргізіледі (басқа жоғарылатуларды есепке алмағанда).

**Өзгерістерді тіркеу парағы** \_\_\_\_\_*құжаттың белгіленуі*

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерту түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарлама нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі және аты-жөні, қолы, лауазымы